

## Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 31 наурыздағы № 249 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 24 мамырда № 13729 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 193 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 18.05.2018 № 193 (29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабы 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Кадрлардағы жергілікті қамтудың ең аз санын есептеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 319-ө бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6553 болып тіркелген, "Казахстанская правда" газетінің 2010 жылғы 20 қарашадағы № 316-317 (26377-26378) санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Кадрлардағы жергілікті қамтудың ең аз санын есептеу қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Қоса беріліп отырған Кадрлардағы жергілікті қамтудың ең аз санын есептеу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кадрлардағы жергілікті қамтудың ең аз санын есептеу қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Кадрлардағы жергілікті қамтудың ең аз санын есептеу қағидаларын бекіту қағидаларын бекіту туралы";

1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Кадрлардағы жергілікті қамтудың ең аз санын есептеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және жер қойнауларын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстарды өткізу кезінде кадрлардағы жергілікті қамтудың ең аз санын есептеуге арналған.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Осы Қағидалар корпоративішілік ауыстыру шеңберінде Қазақстан Республикасы аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылмайды.";

3-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Үшінші санатқа 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 101-бабының 8-тармағы бойынша бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес келетін білікті жұмысшылар жатады.".

2) "Кадрдағы жергілікті үлесті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 320-ө бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6618 болып тіркелген, "Казахстанская правда" газетінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 325 (26386) санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Кадрлардағы жергілікті қамтуды есептеу әдістемесін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Қоса беріліп отырған Кадрлардағы жергілікті қамтуды есептеу әдістемесі бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кадрлардағы жергілікті қамтуды есептеу әдістемесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Кадрлардағы жергілікті қамтуды есептеу әдістемесі";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Кадрлардағы жергілікті қамтуды есептеу әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңына сәйкес әзірленді.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Осы Әдістеме корпоративішілік ауыстыру шеңберінде Қазақстан Республикасы аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылмайды.";

4-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Үшінші санатқа 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 101-бабының 8-тармағы бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келетін білікті жұмысшылар жатады."

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның көшірмелері баспа және электрондық түрде мемлекеттік және орыс тілдерінде бір данада Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Б.Б. Нұрымбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау және әлеуметтік

даму министрі

Т. Дүйсенова

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

\_\_\_\_\_ Ә. Исекешев

2016 жылғы 25 сәуір

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

\_\_\_\_\_ Қ. Бозымбаев  
2016 жылғы 15 сәуір

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ